

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМА**

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың педагог-дефектологтарына арналған «ПМПК әлеуметтік-білім беру моделі жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық зерттеу және оларға кеңес беру» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы**

**АЛМАТЫ 2020**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «ПМПК әлеуметтік-білім беру моделі жағдайында білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды педагогикалық зерттеу және кеңес беру» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың педагог-дефектологтардың біліктілік арттыру курстарындағы оқуын регламенттейді.

2. Бағдарлама ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау, оқыту мен тәрбиелеудегі болатын проблемаларына педагогикалық диагностиканы жүргізу және кеңес беру мәселелері бойынша педагог-дефектологтардың кәсіби құзіреттілігін дамытуға бағытталған.

3. Курстық оқудың ұзақтығы 72 сағатты, 9 күнді құрайды, олардың әрқайсысы күніне 2 сағаттан (8 академиялық сағат) 4 сабақты қамтиды. Курстық сабақтардың мазмұны мен құрылымы осы Бағдарламаның 1 және 2-қосымшаларына сәйкес бағдарламада және оқу жоспарында көрсетілген.

## **2. Глоссарий**

4. Курс глоссарийі келесі негізгі ұғымдарды қамтиды:

1) білім алуда ерекше қажеттіліктері (ЕБК) бар балалар – бұл тиісті деңгейдегі білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктерді сезінетін балалар

2) білім алуда ерекше қажеттіліктер - бұл ерекше қабілеттер салдарынан немесе туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылымдардың, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларының салдарынан туындайтын оқу процесіндегі көмек пен қызметтерге деген қажеттілік.

3) ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау - әзірленген және бекітілген өлшемдерге сәйкес білім алушының, тәрбиеленушінің ерекше білім алу қажеттілігінің деңгейін айқындау.

4) педагогикалық тексеру хаттамасы - психикалық дамудың ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау мақсатында тиісті қағидаттарды, әдістер мен әдістемелерді пайдалана отырып, балалар мен жасөспірімдерді зерттеудің реттелген процесі.

5) педагогикалық диагностика – дамуында проблемалары бар балаларды дамытудың, оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қиындықтарын психологиялық-педагогикалық бағалау, әлеуметтік-педагогикалық біліктілік шеңберінде бұзушылық түрлерінің педагогикалық біліктілігі.

б) педагогикалық консультация беру - маманның баланы дамыту, оқыту және тәрбиелеу проблемалары туралы ақпарат және оларды еңсеруге қажетті нақты іс-әрекеттер туралы ұсынымдар беруі.

## **3. Бағдарлама тақырыбы**

5. Бағдарлама келесі тақырыптарды қамтиды:

1) 1-тақырып. Инклюзивті білім беру және ҚР әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшу жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметі;

2) 2-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар санаттары. ЕБҚ бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы;

3) 3-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттілігінің түрлері. ПМПК жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау өлшемдері;

4) 4-тақырып. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-да кешенді тексеру мен консультация жүргізудің жалпы қағидаттары мен тәртібі;

5) 5-тақырып. Ерте жастағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру;

6) 6-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру;

7) 7-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру;

8) 8-тақырып. Балалар аутизмі бар балаларды педагогикалық тексеру. Аутикалық баланы оқыту және тәрбиелеу бойынша отбасы мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарына педагогикалық кеңес беру және ұсынымдар әзірлеу;

9) 9-тақырып. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды педагогикалық зерттеу. Отбасы үшін педагогикалық кеңес беру және ұсыныстар әзірлеу;

10) 10-тақырып. Жалпы білім беретін мектепте білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды педагогикалық сүйемелдеу.

#### **4. Бағдарлама мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелер**

6. Бағдарламаның мақсаты: педагогтарды ПМПК қызметінің әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшу жағдайында білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды педагогикалық зерттеу және кеңес беруді ұйымдастыруға және жүргізуге дайындау.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім беруді дамытудың негізгі бағыттарымен, ҚР-да инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық базамен таныстыру.

2) инклюзивті білім беру жүйесінде және әлеуметтік-педагогикалық модель жағдайында білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларға көмек көрсетуде ПМПК қызметінің орнын, рөлін және негізгі бағыттарын ашу;

2) білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалардың әртүрлі санаттарына психологиялық-педагогикалық сипаттама беру;

3) білім алуда ерекше қажеттілігінің түрлерін және оларды балаларда

бағалау өлшемдерін зерделеу;

4) ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексеру және кеңес беру саласында педагогтардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру;

5) аутистік спектр бұзылымдары, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелерін бағалау және кеңес беру бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.

8. Курс соңында тыңдаушылар:

1) инклюзивтік білім берудің негізгі идеялары мен айқындамаларын, білім беру жүйесіндегі ПМПК-ның орны мен рөлін, сондай-ақ әлеуметтік-педагогикалық модель жағдайындағы ПМПК қызметінің айқындамаларын түсіндіреді;

2) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың санаттарын біледі;

3) Ерекше білім беру қажеттіліктерінің түрлері туралы түсініктері және белгіленген өлшемдерге сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау дағдылары бар;

4) педагогикалық тексеру бағдарламасына сәйкес ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың білімін, іскерлігін, дағдыларын зерттеу, сондай-ақ балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі проблемалары бойынша ата-аналарға консультация беру дағдыларын меңгереді;

5) аутистік спектрдің аурулары, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды тәрбиелеу және оқыту проблемаларын бағалау және консультация беру бойынша практикалық дағдылары бар;

6) даму проблемалары бар балалардың түрлі санаттарына педагогикалық тексеру жүргізуде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана алады.

## **5. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны**

Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, нұсқалылық.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1) 1-тақырып. ҚР инклюзивті білім беру және әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметі. Инклюзивтік білім беру саласындағы халықаралық құқықтық құжаттар: Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция (ЮНЕСКО, 1960); Бала құқықтары туралы конвенция (БҰҰ, 1989), Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (БҰҰ, 2006), «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы саясат пен практикалық қызметтің қағидаттары туралы» Саламан декларациясы (1995 ж); Отандық нормативтік құқықтық негіз: ҚР Конституциясы, ҚР заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу қолдауын көрсету туралы», Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -

2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.

2) 4-тақырып. ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-да кешенді тексеру мен консультация жүргізудің жалпы принциптері мен тәртібі: «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің үлгілік ережелері». «Психологиялық-педагогикалық тексеру және консультация беру» мемлекеттік қызмет стандарты.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

1) 2-тақырып. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың санаттары: есту қабілеті (естімейтін, нашар еститін), көру (зағип, нашар көретін), зияттық, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген, күрделі бұзылған, эмоциялық-ерік бұзылған, оқытудың ерекше қиындығы бар балалар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері эмоционалды-мінез-құлық проблемалары мен қоршаған орта факторлары: психологиялық, әлеуметтік, тілдік және өзге де;

2) 5-тақырып. Ерте жастағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Бала отбасына педагогикалық кеңес беру: ерте жастағы балалардың психикалық даму ерекшеліктері. Баланың дамуын психологиялық-педагогикалық талдау. Ерте жастағы бала отбасына кеңес берудің педагогикалық аспектілері;

3) 6-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру: мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық даму ерекшеліктері. Баланың даму мәселелерін психологиялық бағалау. Мектепке психологиялық дайындық түсінігі мен критерийлері. Мектепке дейінгі жастағы баланың отбасына кеңес берудің педагогикалық аспектілері;

4) 7-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру: мектеп жасындағы балалардың психикалық даму ерекшеліктері. Баланы оқыту мәселелерін Педагогикалық бағалау. Мектептегі оқу қиындықтарының психологиялық-педагогикалық жіктелуі. Мектеп жасындағы бала отбасына кеңес берудің педагогикалық аспектілері;

5) 8-тақырып. Балалар аутизмі бар балаларды педагогикалық тексеру. Аутикалық баланы оқыту және тәрбиелеу бойынша отбасы мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары үшін педагогикалық кеңес беру және ұсынымдар әзірлеу: аутистік спектр бұзылыстары бар балалардың психикалық даму ерекшеліктері. Аутикалық баланы дамыту, оқыту және тәрбиелеу мәселелері. Аутизмі бар бала отбасына кеңес берудің педагогикалық аспектілері;

б) 9-тақырып. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды педагогикалық

зерттеу. Педагогикалық кеңес беру және отбасы үшін ұсыныстар әзірлеу: тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылған балалардың психикалық даму ерекшеліктері. ТҚА бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері. Қиын қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар баланың дамуын педагогикалық талдау және бағалау. Бала отбасына кеңес берудің педагогикалық аспектілері. Балаға педагогикалық көмек көрсетуді және отбасын қолдауды ұйымдастыру.

## 12. Мазмұнды модуль:

1) 3-тақырып. Білім алуда ерекше қажеттілігінің түрлері. ПМПК жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау критерийлері: білім алуда ерекше қажеттілігінің түрлерін сипаттау. Белгіленген өлшемдерге сәйкес білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау алгоритмі. Білім алуда ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша психологтың ұсынымдарын әзірлеу;

2) 5-тақырып. Ерте жастағы балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру: ерте жастағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, шарттары, талаптары және мазмұны. Хаттамаға сәйкес педагогикалық тексеру кезеңдері: әлеуметтік-педагогикалық анамнез жинау, баланың дамуының әлеуметтік жағдайын, тәрбие мәселелерін анықтау, ата-аналармен әңгімелесу, тәжірибелік-педагогикалық зерттеу, зерттеу нәтижелерін талдау, даму мәселелерін педагогикалық бағалау, отбасына кеңес беру және ұсыныстар;

3) 6-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру: мектепке дейінгі жастағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, шарттары, талаптары және мазмұны. Хаттамаға сәйкес педагогикалық зерттеу сатылары: әлеуметтік-педагогикалық анамнез жинау, баланың дамуының әлеуметтік жағдайын, тәрбиенің жағдайын, түрін және бұзылуын анықтау, баламен және ата-аналармен әңгімелесу, тәжірибелік-педагогикалық зерттеу, зерттеу нәтижелерін талдау, Даму, оқыту және тәрбиелеу мәселелерін педагогикалық бағалау, отбасына кеңес беру және ұсыныстар;

4) 7-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру: мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, шарттары, талаптары және мазмұны. Хаттамаға сәйкес педагогикалық зерттеу сатылары: әлеуметтік-педагогикалық анамнез жинау, баланың дамуының әлеуметтік жағдайын, оқу және мектепке бейімделу мәселелерінің себептері мен сипатын анықтау, баламен, ата - аналармен әңгімелесу, тәжірибелік-педагогикалық зерттеу, зерттеу нәтижелерін талдау, даму мәселелерін педагогикалық бағалау, отбасына кеңес беру және ұсыныстар;

5) 8-тақырып. Балалар аутизмі бар балаларды педагогикалық зерттеу. Аутистік баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары мен

отбасы үшін педагогикалық кеңес беру және ұсынымдар әзірлеу: аутизмі бар балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, шарттары, талаптары мен мазмұны. Хаттамаға сәйкес педагогикалық зерттеу сатылары: әлеуметтік-педагогикалық анамнез жинау, баланың әлеуметтік жағдайын анықтау, ата - аналармен әңгімелесу, тәжірибелік-педагогикалық зерттеу, зерттеу нәтижелерін талдау, даму мәселелерін педагогикалық бағалау, отбасына кеңес беру және ұсыныстар;

б) 9-тақырып. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды педагогикалық зерттеу. Педагогикалық кеңес беру және отбасы үшін ұсыныстар әзірлеу: тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, шарттары, талаптары. Хаттамаға сәйкес педагогикалық зерттеу тәсілдері: әлеуметтік - педагогикалық анамнез жинау, баланың әлеуметтік даму жағдайын, балалар-ата - ана және отбасы ішіндегі қарым-қатынастың сипатын анықтау, бала және ата-аналармен әңгімелесу, тәжірибелік-педагогикалық зерттеу, зерттеу нәтижелерін талдау, даму мәселелерін педагогикалық бағалау, отбасына кеңес беру және ұсыныстар.

### 13. Технологиялық модуль:

1) 5-тақырып. Ерте жастағы балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру. Зерттеу әдістері мен тәсілдері: қоршаған орта туралы жалпы білім қоры және түсінігі; әлеуметтік-тұрмыстық бағдар және әлеуметтік мінез-құлық; пәндік іс-әрекет пен ойындар; интеллектуалдық, сөйлеу және танымдық дағдылар;

2) 6-тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру. Зерттеу әдістері мен тәсілдері: қоршаған орта туралы жалпы білім қоры және түсінігі; әлеуметтік-тұрмыстық бағдар және әлеуметтік мінез-құлық; ойын іс-әрекеті; мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру бағдарламаларына сәйкес интеллектуалды, сөйлеу, танымдық және басқа да дағдылар. Мектеп жасына дейінгі балаларды педагогикалық тексеруде АКТ қолдану ерекшеліктері.;

3) 7-тақырып. Мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны. Зерттеу нәтижелерін талдау және бағалау. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру. Зерттеудің әдістері мен тәсілдері: жалпы білім қоры және қоршаған орта туралы түсінік; әлеуметтік-тұрмыстық бағдар және әлеуметтік мінез-құлық; оқу бағдарламасын оның талаптарына сәйкес меңгеру; оқу қызметі және оқытудың қиындықтары. Мектеп жасындағы балаларды педагогикалық тексеруде АКТ қолдану ерекшеліктері.;

4) 8-тақырып. Балалар аутизмі бар балаларды педагогикалық зерттеу. Аутикалық баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандары мен отбасы үшін педагогикалық кеңес беру және ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу әдістері мен тәсілдері: қоршаған орта туралы жалпы білім қоры және түсінігі;

әлеуметтік-тұрмыстық бағдар және әлеуметтік мінез-құлық; жетекші және басқа да қызмет түрлері; білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларына сәйкес зияткерлік, сөйлеу, танымдық және басқа да дағдылар;

5) 9-тақырып. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды педагогикалық зерттеу. Педагогикалық кеңес беру және отбасы үшін ұсыныстар әзірлеу. Зерттеудің әдістері мен тәсілдері: жалпы білім қоры және қоршаған орта туралы түсінік; әлеуметтік-тұрмыстық бағдар және әлеуметтік мінез-құлық; жетекші және басқа да қызмет түрлері; білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларына сәйкес зияткерлік, сөйлеу, танымдық және басқа да дағдылар. ТҚА бұзылған балаларды педагогикалық тексеруде АКТ қолдану ерекшеліктері.

14. Нұсқалылық модуль:

1) 10-тақырып. Жалпы білім беретін мектепте білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды педагогикалық сүйемелдеу. Мектептегі оқытудың қиындықтарын педагогикалық бағалау және мектеп психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің дефектологтары мен мұғаліміне ұсыныстар жасау. Мектепте оқытудың қиындықтарын жеңуде арнайы педагогикалық және баламалы әдістерді, дамыта оқыту технологияларын қолдану (жаһандық оқу әдісі, "нумикон", АВА-тәсіл және т.б.).

15. Нұсқалылық модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріспе сауалнама барысында анықтай алады.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

16. Біліктілікті арттыру курстары төмендегідей режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі - ОТЖ) сәйкес күндізгі оқу. Күндізгі курстардың ұзақтығы 72 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағат саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізілу түрі өзгеріссіз қалады;

2) аралас оқыту курсының оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес аралас оқыту режимін және оқытудың үш кезеңін қамтиды: күндізгі – 16 сағат, қашықтан - 8 сағат, өз бетінше - 48 сағат. Күндізгі оқу курстың бірінші және соңғы күнінде өткізіледі.

17. Білім беру үрдісіне оқытудың интерактивті түрлері мен әдістері: дәріс, семинар, топтарда және жұптарда практикалық жұмыс, топтарда тренинг, мастер-класс, кейстер әдісі, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес беру және аралас оқыту режимінде курс үшін тыңдаушыны өз бетінше оқыту кіреді.

18. Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда жұмысты одан әрі талқылау және рефлексиямен кеңінен пайдалану; құжаттамамен жұмыс істеу; теорияның және кейс-стадияның негізгі мәселелерін шағын топтарда талқылау, ұжымдық жұмыстарды таныстыру,



педагог-дефектологтардың командалық жұмысының тренингі қарастырылған.

### **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

19. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- 1) ПМПК педагог-дефектологтардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) Білім алуда ерекше қажеттілігі және хаттамаға сәйкес педагогикалық тексеру кезеңдерін талдау өлшемдері бойынша үлестіру материалдары;
- 3) балалар мен жасөспірімдерді педагогикалық тексеру бойынша оқу-әдістемелік материалдар, бейнематериалдар.
- 5) сауалнама парақтары, бақылау және өзіндік жұмыстар материалдары.

### **8. Оқыту нәтижелерін бағалау**

20. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, экспресс-сұрау, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралас оқыту режимінде курс үшін аралық тестілеу өткізіледі. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сұрау парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

21. Оқыту нәтижелерін бағалау келесі бағалау өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1-өлшем. Инклюзивтік білім беру жүйесіндегі ПМПК педагог-дефектологының рөлін түсіну. Бағалау түрі: бақылау жұмысы. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес педагогтің қызметін қабылдау қабілеті; 2) ПМПК-да кешенді тексеру мен консультация берудің жалпы қағидаттары негізінде педагогтың диагностикалық-консультациялық жұмысын білу.

2-өлшем. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттарының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын білу. Бағалау түрі: тестілеу. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) ЕБҚ бар балаларды бірінші, екінші және үшінші топтарға бөлудің психологиялық-педагогикалық өлшемдерін қолдана білу; 2) әр топта оқыту (білім беру бағдарламасын меңгеру) және тәрбиелеу мәселелерінің арақатынасын белгілеу мүмкіндігі.

3-өлшем. ПМПК-да әртүрлі жастағы әртүрлі проблемалары бар балаларды педагогикалық тексеруді ұйымдастыру және жүргізу дағдылары. Бағалау түрі: өзіндік жұмыс - балаларды тексеру бағдарламасын құрастыру. Бағалаудың құрама бөліктері: педагогикалық тексеруді ұйымдастыра білу және әртүрлі әдістерді, оның ішінде жасына (ерте, мектепке дейінгі, мектептегі) және баланы оқыту мен тәрбиелеу проблемаларының сипатына қарай АКТ-ны пайдалана білу.

4-өлшем. Аутизмі бар балаларға педагогикалық тексеру және кеңес беру мүмкіндігі. Бағалау түрі: өзіндік жұмыс - балалардың аутизм тобына байланысты педагогикалық тексеру және кеңес беру алгоритмін құру. Бағалаудың құрама бөліктері: 1) бала аутизмі тобына байланысты

педагогикалық тексерудің әртүрлі стратегиялары мен тактикаларын қолдана білу; 2) аутизмі бар баланы оқыту және тәрбиелеу бойынша отбасына кеңес бере білу.

5-өлшем. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға педагогикалық тексеру және кеңес беру білігі. Бағалау түрі: тест тапсырмасы. Бағалау компоненттері: 1) қимыл-қозғалыс бұзылыстарының әртүрлі нысандары бар балаларды тексеру үшін арнайы жағдайларды ұйымдастыра білу; 2) білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды, оның ішінде қозғалыс бұзылыстарының сипаты мен ауырлығына байланысты АКТ зерттеудің балама әдістерін пайдалану дағдылары.

Қорытынды бақылау жұмысы қорытынды жұмысты орындауға және ресімдеуге қойылатын көрсетілген талаптармен кейс-стади нысанында жүргізіледі. Курсанттарға әр түрлі жастағы және оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі проблемалары бар балалардың педагогикалық мәртебесінің сипаттамасы ұсынылады. Курсанттың міндеті - педагогикалық зерттеу бағдарламасын құру, баланы оқыту және тәрбиелеу мәселелерінің сипатын анықтау.

Бағалау нәтижелері (алынған кері байланыс) негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, оларды өткізу үшін қосымша материал іріктеледі, курстан кейінгі сүйемелдеуге түзетулер енгізіледі.

### **9. Курстан кейінгі қолдау**

22. Курстан кейінгі сүйемелдеу қашықтан консультациялар, онлайн-форумдар, тәжірибе алмасу түрінде жүзеге асырылады.

23. Педагог курс аяқталғаннан кейінгі бірінші күнтізбелік жыл ішінде курс тақырыбы бойынша үш дербес жұмысты, үш жыл ішінде жылына бір рет - білім беру ұйымының басшысы куәландырған кәсіптік даму нәтижелері туралы белгіленген нысандағы есепті ұсынады.

24. Педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу мониторингі жылына бір рет үш жыл ішінде педагогтер ұсынған дербес жұмыстарды, кәсіптік даму нәтижелері туралы есептерді талдау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

25. Мониторинг нәтижелері бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасын түзету жүзеге асырылады.

### **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

22. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 жарлығы)

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Білім туралы заңы.

3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II

«Кемтар балаларды элеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңы.

4. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы.

5. Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары / ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

6. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БҒМ 14 ақпандағы №66 бұйрығы.

7. Выготский Л.С.«Диагностика развития и педологическая клиника трудного детства». Собрание сочинений в 6 т. Т.5. - М.,1983.

8. Эльконин Д.Б. Некоторые вопросы диагностики психического развития детей. Избранные психологические труды.- М.,1989.

9. Лисина М.И. Генезис форм общения у детей. - М., 1978.

10. Обухова Л.Ф. Детская (возрастная) психология. – М., 1996.

11. Лебединский В.В. Нарушения психического развития у детей. - М.,1985.

12. Психолого-педагогическая диагностика. Учеб.пособ./ под ред. И.Ю. Левченко,С.Д.Забрамной.- М., 2003.

13. Сулейменова Р.А., Ерсарина А.К., Алпысова А.Б. и др. Диагностика психического развития в раннем детстве. – Алматы, 2000.

14. Психолого-медико-педагогическое обследование детей дошкольного и младшего школьного возраста. /Ерсарина А.К., Сулейменова Р.А., Айтжанова Р.К. и др. – Алматы, 2000.

23. Курс бойынша қосымша әдебиеттер:

1. Косякова О.О. Психология раннего и дошкольного возраста: учеб.пособие.- Ростов н/Д., 2007.

2. Основы специальной психологии. учеб. пособие /Л.А.Кузнецова, Л.И.Переслени, Л.И.Солнцева и др.; под ред. Л.В.Кузнецовой. – М., 2002.

3. Никольская О. С., Баенская Е.Р., Либлинг М. М. Аутичный ребенок. Пути помощи.- М., Теренфив -1997.

4. Детский аутизм. Диагностика и консультирование. Практическое руководство для специалистов психолого-медико-педагогических консультаций. /авторы- составители Ерсарина А.К. Айтжанова Р.К. / - Алматы – 2011.

5. Шипицина Л.М.,Мамайчук И.И.Психология детей с нарушением функций опорно-двигательного аппарата.учеб пособие. – М., 2004.

жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық зерттеу және оларға кеңес беру» білім беру бағдарламасының 1-қосымшасы

### Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	Лекция	Практикалық сабақтар	Тренинг	Мастер-класс	ВПС	Дөңгелек үстел	Шағын-сабақты таныстыру	Тест	Барлығы
<b>1</b>	<b>Нормативтік-құқықтық модуль</b>	<b>6</b>								<b>6</b>
1.1	ҚР инклюзивті білім беру және әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайындағы ПМПК қызметі.	4								4
1.2	ПМПК қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері. ПМПК-да кешенді тексеру мен кеңес берудің жалпы айқындамалары мен тәртібі.	2								2
<b>2</b>	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>	<b>19</b>		<b>7</b>						<b>26</b>
2.1	ЕБҚ бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.	2								2
2.2	Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктері.	9		3						12
2.3	Баланың дамуын талдау және бағалау. Бала отбасына педагогикалық кеңес беру.	4		2						6
2.4	Аутизмі бар балалардың психологиялық даму ерекшеліктері. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру.	4		2						6
2.4	Балалардың ерекшеліктері тірек-қимыл аппаратының бұзылуы. ТҚА бұзылған бала отбасына педагогикалық кеңес беру.	4		2						6

<b>3</b>	<b>Мазмұнды модуль</b>	<b>11</b>	<b>3</b>	<b>2</b>				<b>1</b>	<b>17</b>
3.1	Ерекше білім алу қажеттіліктер түрлері. ПМПК жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау өлшемдері.	4		2					6
3.2.	Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны	3	3					1	7
	Аутизммен ауыратын балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны.	2							2
	ТҚА бұзылған балаларды педагогикалық тексерудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны.	2							2
<b>4</b>	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>10</b>	<b>4</b>		<b>4</b>			<b>1</b>	<b>19</b>
4.1	Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды тексерудің әдістері мен тәсілдері	6			4				10
4.2	Аутизмі бар балаларды тексерудің әдістері мен тәсілдері.	2	2					1	5
4.3	ТҚА бұзылған балаларды тексерудің әдістері мен тәсілдері	2	2						4
<b>5</b>	<b>Нұсқалылық модуль</b>	<b>4</b>							<b>4</b>
5.1	Жалпы білім беретін мектепте білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды педагогикалық сүйемелдеу.	2							
5.2	ЕБҚ бар балаларды дамыта оқытудың арнайы және баламалы әдістері мен технологиялары.	2							
Барлығы:		<b>50</b>	<b>7</b>	<b>9</b>	<b>4</b>			<b>2</b>	<b>72</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

«ПМПК элеуметтік-білім беру моделі  
жағдайында білім алуда ерекше



	педагогикалық кеңес беру.								
2.3.	Аутизмі бар балалардың психологиялық даму ерекшеліктері. Баланың отбасына педагогикалық кеңес беру.	1			1			4	6
2.4.	Балалардың ерекшеліктері тірек-қимыл аппаратының бұзылуы. ТҚА бұзылған бала отбасына педагогикалық кеңес беру.	1						4	6
3	<b>Мазмұнды модуль</b>	<b>4</b>			<b>4</b>			<b>9</b>	<b>17</b>
3.1	Ерекше білім алу қажеттіліктер түрлері. ПМПК жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау өлшемдері.	1			1			2	4
3.2	Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, хаттамалары ж	1			1			3	5
3.3	Ерекше білім алудың түрлері. ПМПК жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау өлшемдері.	1			1			2	4
3.4	Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды педагогикалық зерттеудің міндеттері, хаттамалары және мазмұны	1			1			2	4
4	<b>Технологиялық</b>	<b>3</b>					<b>3</b>	<b>13</b>	<b>19</b>

	<b>модуль</b>								
4.1	Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды тексерудің әдістері мен тәсілдері. Педагогикалық зерттеуде АКТ қолдану ерекшеліктері	1					1	7	9
4.2	Аутизмі бар балаларды тексерудің әдістері мен тәсілдері.	1					1	2	4
4.3	ТҚА бұзылған балаларды тексерудің әдістері мен тәсілдері. ТҚА бар балаларды педагогикалық зерттеуде АКТ қолдану ерекшеліктері	1					1	4	6
5	<b>Нұсқалылық модуль</b>	2						2	4
5.1	Жалпы білім беретін мектепте білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды педагогикалық сүйемелдеу.	1						1	2
5.2.	ЕБҚ бар балаларды дамыта оқытудың арнайы және баламалы әдістері мен технологиялары.	1			1			1	2
<b>Барлығы:</b>		<b>16</b>			<b>6</b>		<b>3</b>	<b>48</b>	<b>72</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.